

"Батыс Қазақстан "Оралэнергия" электр тарату желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 345 Қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Батыс Қазақстан "Оралэнергия" электр желісін тарату компаниясы" ашық акционерлік қоғамының саны 1030794 (бір миллион отыз мың жеті жүз тоқсан төрт) дана мәжбүрлеп шығарылатын билік етуі шектелген жарияланған жай акцияларын оларды мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп алып қою арқылы қоғамның салықтық берешегін өтеу есебіне орналастырсын;

2) акцияларға мемлекеттік меншік құқықтарын қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тіркеуін қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі